

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

3. Аккар, Д.М., Эйзенберг, М.В. және Ноймарк-Стайнер, Д. (2007). Жасөспірімдермен кездесудегі зорлық-зомбылықтың ерлер мен әйелдер жастарының мінез-құлық және психологиялық денсаулығына ұзақ мерзімді әсері. *Педиатрия журналы* (151), 476-481.

УДК 315.4

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК АПАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ

Нұрмағанбет Гүлдарина Ерланқызы

d_nurmaganbetova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар

факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Аннотация: *Елімізде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жиі орын алуда. Апат кезінде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғаудың әлеуметтік-экономикалық маңызы зор және алдын алу мәдениетін әрбір нақты адамнан әлемдік қоғамға дейінгі барлық деңгейде көтеру қажет. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар - Қазақстан Республикасының орнықты дамуына кедергі келтіре отырып, орасан зор әлеуметтік-экономикалық және экологиялық залал тудырады. Мақалада апаттың орын алуы және климаттық өзгерістердің жергілікті халықтың әл-ауқатына, күнделікті өміріне тигізетін ықпалын нақты жағдайды бағалай отырып, шешу жолдарын ғылыми негіздеудің өзектілігі баяндалады.*

Негізгі ұғымдар: *төтенше жағдайлардың тікелей әлеуметтік-экономикалық салдары, техногендік және табиғи апаттар, төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау алгоритмі, келтірілген залалды бағалау.*

Заманауи жаһандық мәселенің бірі - жер бетінде болып жатқан табиғи және техногендік апаттар санының өсуі. Ірі апаттар залалының өсуі жекелеген аймақтардың ғана емес, жалпы планетаның экономикасына нақты қауіп төндіреді. 2016 жылы әлемде тек табиғи және техногендік апаттардан болған шығын көлемі барлық рекордтарды жаңартып, тарихи максимумға жетті. Жалпы шығын 380 миллиард доллардан асып, апаттардың экономикалық зиянының өсу қарқыны жалпы ішкі өнімнің өсу қарқынынан тұрақты асып түсуде, ал апаттар қауіпі барған сайын жаһандық сипатқа ие болуда⁵. Ғылым мен технологияның жетістіктері жаһандық қауымдастық үшін мүмкіндіктер туғызғанымен, апаттардың қауіпін арттырды. Ядролық энергетика, гендік инженерия және жасанды интеллект сияқты жаңа технологияларды пайдалану апаттарды басқару және дайындық үшін жаңа қауіптер мен қиындықтарды тудырады.

Апаттар қауіпін азайтуға кешенді тәсілді қолдану арқылы бұл міндеттерді шешу өте маңызды. Бұған климаттың өзгеруі және қоршаған ортаның нашарлауы сияқты апаттардың негізгі себептерін азайту, тұрақты дамуға жәрдемдесу, инфрақұрылым мен қала құрылысын жоспарлауды жақсарту, төтенше жағдайларға ден қою әлеуетін арттыру, апаттар қауіпін азайтуға халықтың хабардар болуы мен қатысуға жәрдемдесу кіреді. Тұтастай алғанда, жаһандық апаттар қауіпінің артуы үкіметті, азаматтық қоғамды, жеке секторды және халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың жаһандық ынтымақтастығы мен әрекетін талап етеді. Ол үшін мәселенің әлеуметтік-экономикалық салдары нақты бағаланып, шешу жолдарын жүйелі түрде анықтау керек. ХХІ ғасырда адамзатқа қауіп төндіретін қауіптердің кейбір түрлерін тізімдесек:

⁵<https://cesdrr.org/uploads/files/2022/.pdf>

- ғарыштық - жердің әртүрлі ғарыш объектілерімен (кометалар, астероидтар, басқа аспан денелері) соқтығысуы;
- экологиялық - жаһандық климаттың өзгеруі, шөлейттену, топырақтың деграациясы, табиғи және биологиялық ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы және т. б.;
- табиғи - табиғи апаттардың барлық түрлері;
- техногендік - апаттар, жарылыстар, өрттер, су тасқыны және т. б.;
- биологиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, әскери және т.б.;⁶

Ал, соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасына тән табиғи және техногендік апаттардың көрсеткішіне келетін болсақ:

1. Жер сілкінісі: Қазақстан сейсмикалық белсенді аймақта орналасқандықтан жер сілкінісі жиі кездеседі. Қазақстан Төтенше жағдайлар министрлігінің деректері бойынша, 2020 жылы Қазақстанда 330 жер сілкінісі болды, олардың ең маңыздысы ақпан айында Алматы облысындағы 6,4 балдық жер сілкінісі.

2. Су тасқыны: су тасқыны елімізде, әсіресе көктем мен жаз айларында көптеп орын алады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 2020 жылы 153 су тасқыны орын алып, 14 000-нан астам адам зардап шеккен.

3. Құрғақшылық: еліміздің оңтүстік және оңтүстік-батыс өңірлерінде таралған өзекті мәселенің бірі. Шөлейттену процесінің орын алуы тұрғылықты халықтың өмір сапасының төмендеуіне, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауына әкеліп, өзекті мәселеге айналуға.

4. Өнеркәсіптік апаттар: соңғы жылдары елімізде бірнеше елеулі өнеркәсіптік апат орын алды, соның ішінде 2019 жылы Арыс қаласындағы химия зауытының жарылуы инфрақұрылымға айтарлықтай зиян келтіріп, мыңдаған адамдар қоныс аударды. Қазақстан Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, 2020 жылы өндірісте 32 жазатайым оқиға орын алып, 20 адам қаза тапты, 52 адам жарақаттанды.

5. Орман өрті: жаз айларында жиі орын алады. Өрт ең жиі тіркелетін өңір – Шығыс Қазақстан. Елдегі орман қорының басым бөлігі сол аймаққа тиесілі. Қостанай облысында 2022 жылы 111 мың гектар орман өртеніп, жасыл желектен айырылды. Соңғы мәлімет бойынша, 2022 жылы 32 өрт тіркеліп, 167 гектарға жайылды.⁷

Осылайша, соңғы онжылдықта Қазақстан жер сілкінісі, су тасқыны, құрғақшылық, өнеркәсіптік апаттар мен орман өрттері сияқты бірқатар табиғи және техногендік апаттардан аман қалды. Жер сілкінісі, су тасқыны және дала өрттері сияқты табиғи апаттың кейбір түрлерінің төмендеді, ал құрғақшылық жағдайларының көбеюі байқалды. Бұл апаттарды басқаруды жақсарту және оларға дайындықты қамтамасыз ету, тұрақты инфрақұрылым мен қауымдастықтарға инвестиция салу және ерте ескерту жүйелерін нығайтуды қоса алғанда, зардаптарын азайту үшін апаттарды басқарудың тиімді стратегияларының қажеттілігін көрсетеді.⁸

Қазақстандағы табиғи және техногендік апаттардың әлеуметтік-экономикалық салдарын қарастыру және еңсеру бойынша жүргізілетін жұмыстарды анықтау үшін бірнеше негізгі қадамдарды жасауға болады:

- Тәуекелді бағалау: Тәуекелдерді кешенді бағалауды жүргізу табиғи және техногендік апаттардың ықтимал ықпалын түсіну үшін өте маңызды.
- Төтенше жағдайларды басқаруды жоспарлау: Апаттарды басқарудың тиімді жоспарларын әзірлеу және төтенше жағдайларды қалпына келтіру жоспарларының орындалуын, сондай-ақ еліміздің төтенше жағдайларға дайындығын және жабдықталуын қамтамасыз етеді.

⁶<https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-pozharov-v-respublike-kazahstan-metodami-matematicheskoy-statistiki>

⁸ Омарова Ә.Т. Төтенше жағдайлар классификациясы: сипаттық ерекшеліктері, пайда болу факторлары мен әлеуметтік салдарлары, Алматы, 2016. -86.

- Инфрақұрылым және қауымдастықтың тұрақтылығы: Тұрақты инфрақұрылым мен қауымдастықтарды құру апаттардың ықпалын азайтып, жер сілкінісіне төзімділік сияқты табиғи апаттарға төтеп бере алатын инфрақұрылымға инвестиция салу, сондай-ақ апаттарға жауап беруге дайын болу үшін қоғамдық ғимараттарды салу кіреді.
- Алдын ала ескерту жүйелері: алдын ала ескертудің тиімді жүйелерін әзірлеу және енгізу халықты апаттар туралы хабардар ету, оларға өзін және мүлкін қорғау үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беру үшін маңызды.
- Қаржылық жоспарлау: Төтенше жағдайларға апаттардан зардап шеккен адамдар мен жерді қалыпан келтіріп, сақтандыру және басқа да қаржылық механизмдердің болуын қамтамасыз етуді қамтиды.
- Халықаралық ынтымақтастық: халықаралық ұйымдармен және көрші елдермен ынтымақтастық тұрақтылықты арттыру және апаттарды тиімді басқару үшін маңызды болуы мүмкін. Білім мен тәжірибе алмасу, апаттарға ден қою және қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру апаттардың алдын алуға көмек береді.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін ең алдымен табиғи және техногендік апаттардан келген шығынды жан-жақты бағалау өте маңызды. Адамдардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында апаттардың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық салдарын әлеуметтанулық тұрғыда эмпирикалық терең зерттеуді талап етеді. Төтенше құбылыстарды азайту үшін төтенше жағдайлар мен технологиялық апаттардың тікелей және қосымша ықпалын есепке алу, халықтың қорғансыздығын төмендетуге бағытталған шараларды жүзеге асыру және де ел халқының қауіпті құбылыстарға, климаттық өзгерістерге тиімді бейімделуін қамтамасыз ету қажет. Табиғи және техногендік сипаттағы апатты шешуге мемлекеттік органдармен қатар азаматтық қоғам институттары, ғылыми қауымдастық, халықаралық ұйымдар, қаржылық институттар, жеке сектор, сонымен қатар еріктілер белсенді араласу механизмін жетілдіру керек.

21 ғасыр жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы тұрудың жолдарын іздеуді, қауіпсіздік саласындағы басқару жүйесін жетілдіруге шаралар қабылдауды талап етеді. Сол себепті, мемлекетті басқару өткен жылдардағы тәжірибеге, жеке басшылардың жеке мүдделері мен қалауына емес, әлеуметтік-экономикалық даму мен ұлттық қауіпсіздікті стратегиялық жоспарлау мен болжауға негізделуі қажет. Қазіргі жағдайдан шығудың жалғыз жолы-дағдарыстық құбылыстар мен апаттардың ықтимал көріністерін болжауға, сондай-ақ олардың алдын алу шараларын анықтауға мүмкіндік беретін ғылыми мониторинг жүйесін құру. Сондықтан, бұл мәселені әлеуметтанулық тұрғыда жан-жақты зерттеп, әлеуметтік-экономикалық салдарын нақты айындау еліміз үшін өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Национальный ситуационный анализ безопасности территории Республики Казахстан от природных и техногенных бедствий (методические основы) разработан в рамках проекта КЧС МВД РК-ПРООН в Казахстане, No 85667, «Усиление национального потенциала по оценке рисков, предупреждению и реагированию на стихийные бедствия», Астана, 2015 г., 89 стр. с илл.
2. Анализ подверженности Республики Казахстан чрезвычайным ситуациям природного и техногенного характера. Монография / К.Ж. Раимбеков, А.Б.Кусаинов – Кокшетау: Кокшетауский технический института КЧС МВД Республики Казахстан, 2015. – 122 с.
3. Омарова Ә.Т. Төтенше жағдайлар классификациясы: сипаттық ерекшеліктері, пайда болу факторлары мен әлеуметтік салдарлары, Алматы, 2016. – 8с.
4. Электрондық ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-pozharov-v-respublike-kazahstan-metodami-matematicheskoy-statistiki>
5. Электрондық ресурс: https://www.inform.kz/kz/2022-zhyly-sko-ormandarynda-34-ret-ort-shykkkan_a4018138